

## Қазақстан Республикасында жер қойнауын қорғауды мемлекеттік бақылау туралы ережені бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 18 қазандағы N 1284 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 18 қаңтардағы N 29 Қаулысымен

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.01.18. N 29 ( алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 27 қаңтардағы N 2828 U962828\_ Заң күші бар Жарлығын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасында Жер қойнауын қорғауды мемлекеттік бақылау туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. "Жер қойнауын қорғауға және пайдалануға мемлекеттік бақылау туралы Ережені бекіту жөнінде" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 29 қыркүйектегі N 811 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1992 ж, N 37, 567-құжат) күші жойылған деп танылсын.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 6

ж ы л ғ ы

1 8

қ а з а н д а ғ ы

N

1 2 8 4

қ а у л ы с ы м е н

Бекітілген

## Қазақстан Республикасындағы жер қойнауын қорғауды мемлекеттік бақылау туралы Ереже

### **Жалпы ережелер**

1. Бұл Ереже жер қойнауын қорғауға мемлекеттік бақылау жүргізетін органдардың негізгі мақсаттарын, құқықтары мен міндеттерін және олардың

жауапкершілігін белгілейді.

2. Жер қойнауын қорғауға мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі Геология және жер қойнауын қорғау комитетінің мемлекеттік бақылау органдары арқылы жүргізіледі. < \* >

**ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.06.19. N 810 қаулысымен.**  
P 9 9 0 8 1 0 \_

3. Жер қойнауын қорғауға мемлекеттік бақылау жүргізетін органдар өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заң актілерін, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларын және басқа да нормативтік құқықтық актілерді және осы Ережені басшылыққа алады.

4. Жер қойнауын қорғауға бақылау жүргізетін органдарды қаржыландыру республикалық бюджеттің қаражаты есебінен жүргізіледі.

**ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.06.19. N 810 қаулысымен.**  
P990810\_

## **Мақсаты**

4-1. Жер қойнауын қорғау, пайдалы қазбалар қорларын ұтымды және кешенді пайдалану бөлігінде мемлекеттің мүдделерін қамтамасыз ету.

**ЕСКЕРТУ. Жаңа 4-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.06.19. N 810 қаулысымен.** P990810\_

## **Жер қойнауын қорғауға мемлекеттік бақылау жүргізетін органдар қызметінің мақсаттары мен бағыттары**

5. Жер қойнауын қорғауды мемлекеттік бақылау органдарының негізгі мақсаты болып мемлекеттік органдардың және жер қойнауын пайдаланушылардың Қазақстан Республикасының жер қойнауы туралы заңдарын сақтауын қадағалауды қамтамасыз ету болып табылады.

## **Жер қойнауын мемлекеттік бақылау органдарының функциялары**

**ЕСКЕРТУ. Жаңа тараумен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.06.19. N 810 қаулысымен.** P990810\_

6. Қойылған мақсаттарды орындау үшін жер қойнауын қорғауды мемлекеттік бақылау органдарына:

барлық жер қойнауын пайдаланушылардың бекітілген жер қойнауын қорғау жөніндегі заңмен белгіленген талаптардың сақталуын қадағалауға жер қойнауын

пайдаланудың барлық кезеңдерінде; <\*>

тиісті министрліктермен, мемлекеттік комитеттермен, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп профилактикалық сипаттағы жер қойнауын қорғау туралы заңдардың талаптарын міндетті түрде орындауға бағытталған шараларды әзірлеу;

ғылыми-зерттеу институттарымен бірлесе отырып жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүзеге асыру кезінде ғылыми-техникалық негізделген талаптарды қалыптастыруды;

пайдалы қазбалардың жер қойнауын пайдалану объектілері бойынша өндіру және аршу жұмыстарын дамытудың, жыл сайынғы жобаларын (жоспарларын), шығындар мен жақсартулардың нормативтерін қарауды және келісуді, ал жұмыстардың көлемі мен бағыты бойынша жоба 30% және одан астам елеулі өзгерген жағдайда қайтадан келісуді жүргізуді;<\*>

жер қойнауын қорғау жөніндегі талаптарды бұзуды анықтау және оның себептерімен туындайтын жағдайларына талдау жасауды;

жер қойнауы туралы заңдарды қолдану тәжірибесін үнемі жинақтау және оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеуді;

пайдалы қазбаларды өндіру кезінде шығыстарын мемлекеттік есепке алуды талдауды және оларды қайта өңдеу;<\*>

геологиялық барлау жұмыстарын жүргізген және пайдалы қазбаларды қосалқы өндіру кезінде, оның ішінде өнеркәсіптік-технологиялық сынау үшін іріктеуге арнап, жер қойнауын қорғау және тиімді пайдалану жөніндегі ережелер мен нормаларды сақтауға бақылауды;

орындалып жатқан геологиялық барлау жұмыстарының және пайдалы қазбаларды өндірудің жобалық шешімдерге шын мәнінде сәйкес келуіне, пайдалы қазбалардың өндіру кезінде алынған көрсеткіштерінің және барлық пайдалы компоненттердің негізділігін бақылауды;

пайдалы қазба кен орындарын және олардың жеке учаскелерін белгіленген тәртіппен жабуға бақылауды;

жер қойнауын пайдаланушылардың геологиялық, маркшейдерлік, техникалық және т.б. құжаттамаларды белгіленген тәртіппен сақтауын бақылауды;

жер қойнауын пайдалануға, оның ішінде өндірумен байланысты емес мақсаттарға берілетін кен орындары мен жер қойнауы учаскелерінің пайдалы қазбалар қорларының көлемі мен құрылымын дұрыс бағалау үшін жер қойнауын озық геологиялық зерделеуді толық қамтамасыз етуге бақылауды;

пайдалы қазбаларды толығымен алуды қамтамасыз етуге бақылауды;

жер қойнауын су басудан, өрттен және олардың сапасын төмендететін немесе пайдалануды және кен орындарын игеруді қиындататын т.б. табиғи апат

факторларынан сақтауға бақылауды жүзеге асырады;

жер қойнауын Барлау, Өндіру, сондай-ақ Өндірумен байланысты емес жер асты құрылыстарын салу және пайдалану кезінде жер қойнауын қауіпті техногендік процестердің пайда болуынан алдын ала қорғайтын қоршаған табиғи ортаны қорғау жөніндегі заңдардың талаптарына сәйкес пайдалануды;<\*>

негізгі және бірге жатқан пайдалы қазбалардың алынған және жер қойнауларында қалдырылған қорына тұтас баланстарды жүргізу үшін жер қорлары, компоненттер және байыту зауыттарында (фабрикаларында) минералды-шикізаттар мен өндірістің қалдықтарын қайта өңдеу өнімдері есебінің дұрыстығын бақылауды, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде, әсіресе мұнайды, газды немесе өзге де заттар мен материалдарды жер астында сақтау, зиянды заттар мен қалдықтарды көму, қалдық суларды ағызу кезінде, жер қойнауының ластануын болдырмауды;

өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды қоймалау, орналастыру кезінде олардың су жиналатын алаңдарда және жер асты сулары жатқан жерлерде жинақталуының алдын алу мақсатында экологиялық талаптарды қамтамасыз е т у д і .

**ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.06.19. N 810 қаулысымен.**  
P990810\_

## **Жер қойнауларын қорғауға мемлекеттік бақылау жүргізетін орындардың құқықтары**

7. Жер қойнауын қорғауды мемлекеттік бақылау органдарына мынадай құқықтар беріледі:

жер қойнауын пайдалану объектілеріне жер қойнауын пайдалану және қорғау мәселелері бойынша жер қойнауын пайдаланушының бірінші басшысының атына олқылықтарды жою туралы тапсырма берумен бірге тексеру жүргізуге;

тиісті министрліктердің және ведомстволардың мемлекеттік ғылыми-зерттеу институттарының, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың келісімі бойынша олардың мамандарын қажетті тексерулер жүргізу үшін тартуға;

жер қойнауын пайдаланушылардың басшыларынан жер қойнауын пайдалануды жүзеге асыру кезінде жер қойнауын қорғау жөніндегі заңдармен белгіленген талаптарды бұзушылықпен байланысты мәселелер жөнінде түсініктемелер сұрауға;

жер қойнауы туралы заңдардың талаптарын бұзған жер қойнауын пайдаланушыларға әкімшілік жаза ретінде айыппұл салуға, сондай-ақ кінәлілерді қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін материалдарды құқық қорғау органдарына тапсыруға;

белгіленген тәртіппен және заңдарда көзделген жағдайларда жер қойнауын пайдалануға байланысты жұмыстарды тоқтата тұруға және тыйым салуға;

министрліктерге, мемлекеттік комитеттерге және өзге де орталық атқару органдарына жер қойнауын қорғауға мемлекеттік бақылау жүргізетін органдардың құзыретіне кіретін мәселелер жөнінде ұсыныстар енгізуге;

белгіленген тәртіппен пайдалы қазбалар жатқан алаңда құрылыс салу үшін алаңдар таңдау жөніндегі комиссияларға қатысуға; жер қойнауын қорғау проблемаларына байланысты апат және өрт түрлерін (минералды шикізат қорларын жоғалту, олардың сапасының төмендеуі және т.б.) тергеу жөніндегі техникалық комиссияларға қатысуға; кен-геологиялық жағдайлар күрт өзгерген кезде және бұдан әрі жұмыстарды тиімді жалғастыру туралы шешімдер қабылдау қажеттілігі туған кезде дайындық қазу жұмыстары мен тазалау забойларын комиссиялық тексеруге қатысуға құқықтар беріледі.

### **Жер қойнауын қорғауға мемлекеттік бақылау жүргізетін органдардың тексерулерін жүзеге асыру**

8. Жер қойнауын қорғауға мемлекеттік бақылау жүргізетін органдар тексеру қорытындылары бойынша тексеру актіні жасайды, онда жасалған жұмыстар тізімі, олқылықтарға сипаттама оларға әсер еткен себептер, солардың салдарынан болған немесе болатын зардаптар, кінәлі лауазымды адамдар көрсетіледі, олқылықтарды жою жөнінде нақты уақыттары белгіленген жазбаша тапсырмалар беріледі.

9. Тексеру актінің мазмұнымен жер қойнауын пайдалануды жүзеге асыратын және белгіленген олқылықтар фактілеріне қатысы бар лауазымды тұлғалар міндетті түрде танысып, қолын қояды. Тексеру актісінің бір нұсқасы тексеріліп жатқан тарапқа тапсырылады.

10. Ұйым басшысы түсіндірмелері мен қарсы пікірлері және тексеру акті жер қойнауын қорғауға мемлекеттік бақылау жүргізетін аумақтық органның басшысына тапсырылады, ол екі апта ішінде оны қарап, тиісті шешім қабылдауға міндетті.

11. Жер қойнауын қорғауға мемлекеттік бақылау жүргізетін аумақтық органның тексеру нәтижелері бойынша қабылданған шешіміне Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі Геология және жер қойнауын қорғау комитетіне немесе сот тәртібімен шағым берілуі мүмкін. < \* >

**ЕСКЕРТУ. 11-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.06.19. N 810 қаулысымен.**  
P990810\_

12. Жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын қорғауға мемлекеттік бақылау жүргізетін органдардың лауазымды тұлғаларына геологиялық, гидрогеологиялық, өндірістік-техникалық, жобалық-сметалық және өзге де құжаттамаларын беруге, жер қойнауын қорғау мәселелері жөнінде түсініктемелер беруге, тексеру жүргізу үшін (көлік, қызмет және тұрғын үйлермен, байланыс құралдарымен қамтамасыз ету), сондай-ақ барланған, өндірілген, тиеліп жөнелтілген және өңделген минералды шикізаттарды тікелей тексеріліп жатқан объектіде бақылау анықтамасын жасау үшін қажетті жағдайлар жасауға міндетті.

13. Жер қойнауын қорғауға мемлекеттік бақылау жүргізетін органдар өз жұмыстарын жергілікті атқару органдарымен тығыз қарым-қатынаста жүргізуі к е р е к .

14. Жер қойнауын қорғауға мемлекеттік бақылау жүргізетін органдар оларға жүктелген міндеттердің уақытында және дұрыс жүзеге асырылуы үшін, мемлекет мүдделерінің жер қойнауын пайдалану мәселелерінде жер қойнауының иесі ретінде қатаң сақталуы үшін жауапкершілікте болады.

Жер қойнауын қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың белгіленген үлгідегі куәлігі болуы тиіс.<\*>

**ЕСКЕРТУ. 14-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.06.19. N 810 қаулысымен. P990810\_**

15. Жер қойнауын қорғауға мемлекеттік бақылау жүргізетін органдарға осы Ережеде көзделген жүктеулер Құзырлы органдар мен жер қойнауын пайдаланушыларды жер қойнауын қорғау жөніндегі белгіленген талаптардың орындалуын жүйелі түрде бақылау міндетінен босатпайды және ұйымдардың лауазымды тұлғаларынан, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүзеге асырушы азаматтардан жер қойнауын пайдалану тәртібін сақтау үшін жеке жауапкершілікті алып тастамайды.

16. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, қандай да болмасын лауазымды тұлғаның немесе органның жер қойнауын қорғауды мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру процесіне араласуына ж о л б е р і л м е й д і .

17. Лауазымды тұлғалардың жер қойнауын қорғауды мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру жөніндегі қызметтік міндеттерді орындауға кедергі келтіретін заңсыз іс-әрекеттері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соқтырады.

**ЕСКЕРТУ. Жаңа 16-17-тармақтармен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.06.19. N 810 қаулысымен. P990810\_**

